

Диссидентант Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық және діндарлық дәстүрлері» тақырыбындағы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс тақырыбының руханият саласындағы маңызды мәселеге арналған және ғылыми өзектілігі күмән туғызбайды. Атап айтқанда зайырлылық және діндарлық феномендері бүкіл мемлекеттерге, халықтарға қатысты мәселе десе де болады, сондықтан заманауи кезеңде өткір бола түседі. Таңдалған тақырып тек дінтанулық проблема ғана емес, ол сонымен қатар саяси-әлеуметтік және мәдени күрделі мәселе. Теориялық және практикалық жағынан алғанда өзекті болып отырған дүниетанымдық тақырып еkenі даусыз және сондықтан діни-философиялық зерделеудің де маңызы зор. Заманауи тарихи кезеңде әлеуметте әртүрлі мәдени және өркениеттік парадигмалардың орын алып отырғаны белгілі.

Жұмыстың құрылымында «діндарлық мен зайырлылықты» ғылыми категориялар ретінде зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздеріне 1 тарау арналған. Таңдалған тақырыптың ұғымдық негіздерін автор барынша дінтанулық және мәдени-философиялық мағынада талқылаудан өткізеді. Зерттеу тәсілдері ретінде нақты тарихилық, жүйелі зерделеу, салыстырмалы талдау әдіснамасы қолданылады және автор дүниетанымдық мәселелерге адамзаттың рухани эволюциясымен байланыстыра қарастыру тұрғысынан тоқталады. Әл-Фараби шығармашылығындағы басымдық танытатын ғылыми ұстанымдар мен құндылықтар жүйесі талқылаудан өткізіледі.

Диссидентант әлемдік даналық үлгілерін, түркі және қазақ ойшылдарының рухани мұраларын талдай келіп, ойшылдардың негізінен тұтастанған дүниетанымдық жүйелерінде зайырлылық мәселесіне біршама орын берілгендейін баяндап береді. Автор көптеген философтардың еңбектеріне, көзқарастарына жай ғана түсіндірме беріп қана қоймайды, сонымен қатар рухани және әлеуметтік дүниедегі үдерістерге сынни сараптама жасайды. Яғни, диссертацияның негізгі ұғымдарын автор тиісті деңгейде игерген деуге болады. Жалпы автордың ғылыми мәселені зерделеу барысында әмбебап принциптер мен әдістерді қолдану қажеттігін жақсы түсінгенін атап өтуге болады. Әдістерді қолдану арқылы автор тек қана дінтанулық қана емес, сонымен қатар философиялық, ғылыми танымдық тұрғыда нәтижелерге қол жеткізеді және диссертациялық зерттеу жағдайында жоғырыдағы әдістемелік аппарат тиімді пайдаланылды.

«Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық» деп аталатын екінші тарауда қазақ халқының тарихындағы ағарту ісіндегі діни дәстүрлер сипатының ерекшеліктері және отандық әлеуметтік кеңістіктегі

зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы сараптаудан өткізілді. Қазақтың рухани эволюциясындағы діндарлық дәстүрлері қазақ халқының мәдениетіне, діліне, өмір сұру салтына, жалпы ішкі және сыртқы сынақтарға төзімділік қасиеттеріне сәйкес келетіні дәйекті көрсетілген. Ағартушылық ісінің маңызы айқындалып, ол мәдениеттің өзегін құрайтын болғандықтан тұлғалық шығармашылықпен, қоғамдағы жетекші моральмен, өмір мағынасы мен сапасын нығайтумен, адам өмірінің мәнін терең түсінуімен астасып жататындығы байыпталды. Діндарлық пен зайырлылық қоғамда жоғары деңгейдегі өзара ықпалдасу жағдайында болса әрине диссертациялық еңбекте көрсетілгенде рухани мәдениетті байыта түседі, қоғамдағы ұлтаралық және дінаралық қатынастарды үйлесімдендіретіні анық.

«Қазақстанның тарихи және заманауи рухани мәдениетіндегі зайырлылық пен діндарлық құбылыстары» деп аталатын З тарау негізінен Еуразиялық тарихи дамудағы зайырлылық құбылысының (қараханидтер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейін) дүниетанымдық астарлары зерделеуге және қазақ халқы мәдениетінің дамуы болашақындағы діннің алатын рөлі мен маңызын айқындауға арналған.

Әлемдегі ұзак жылдар бойы орын алып келген мәдени ықпалдасу және коммуникация қазақ даласына ежелгі заманнан бері діни білімдермен қатар зайырлылық құбылысының дүниетанымдық ұстанымдары кең таралуына ықпал жасады. Халықтың ұлттық дәстүрі мен исламның діни мағынадағы моральдік қалыптарымен қатар қазақ және орыс зиялышарының еңбектеріндегі идеялар мен түсініктер қоғамда рухани-адамгершілік қағидаттардың негіздерін қалағаны белгілі. Оны автор жақсы көрсетіп береді. Руханилықты автор моральдық құндылықтармен байланыстыра отырып адам өмірінің басты рухани бағдарлармен астасып жататындығын орынды көрсетеді. Қазақ қоғамының ерекше сипаты да осында. Сонымен бірге, автор этностық сананың заманауи кезеңдегі жаңа сапасын білдіретін жасампаз білімге ұмтылу талпыныстары туралы айтады. Жалпы ұлт руханиятының бедерін айқындаған шақтағы тарихи кезеңдерде бұқаралық сана мен болмыс көптеген қындықтарды басынан кешіргенін атап өткен екен. Автордың діндарлық туралы айтқандарынан оның әсіредіншілдіктен айырмасын көреміз, ал зайырлылықтың атеистік ұстанымдардан өзгеше ұстаным екендігін дәлелдегенін байқаймыз.

Ғылыми жетекші ретінде автордың диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын және қолдаймын деп қорытынды жасаймын.

Ғылыми жетекші:

Нұрмұратов Серік Есентайұлы, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ғжбм ғк Философия, саясаттану және дінтану институты Философия орталығының жетекшісі

